

БЕКІТІЛДІ
«ҮМЗ» АҚ барлық дауыс беруші
акцияларына иелік ететін, Жалғыз
акционердің шешімімен
№14/21 18.11.2021 жыл

**«Үлбі металлургиялық зауыты»
акционерлік қоғамының
Директорлар кеңесі туралы
Ережесінің
ӨЗГЕРІСТЕРІ МЕН ТОЛЫҚТЫРУЛАРЫ**

**Қазақстан Республикасы,
Өскемен қ.
2021ж.**

О.В. Дубоделова

**«Үлбі металлургиялық зауыты» акционерлік
қоғамының Директорлар кеңесі туралы
Ережесінің
ӨЗГЕРІСТЕРІ МЕН ТОЛЫҚТЫРУЛАРЫ**

«Үлбі металлургиялық зауыты» акционерлік қоғамының барлық дауыс беруші акцияларына иелік ететін Жалғыз акционердің 2020 жылғы 29 мамырдағы №7/20 шешімімен бекітілген «Үлбі металлургиялық зауыты» акционерлік қоғамының Директорлар кеңесі туралы Ережеге келесі өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1. 5.3 тармақтың 9) тармақшасының екінші абзац ы келесі редакцияда жазылсын:

«—Директорлар кеңесінің және оның комитеттерінің есепті кезеңдегі қызметінің қорытындылары, ұйымның ұзақ мерзімді құнының өсуі және тұрақты дамуы бойынша Директорлар Кеңесі қабылдаған шаралар, негізгі тәуекел факторлары, елеулі оқиғалар, қаралған мәселелер, отырыстардың саны, отырыстардың нысаны, келушілер саны, сондай-ақ басқа да маңызды ақпарат көрсетілетін Директорлар Кеңесінің есебі, АҚ жеке жылдық есеп дайындау туралы шешім қабылдаған жағдайда, АҚ-ның жылдық есебінің құрамына енгізіледі;».

2. 6.3 тармақта:

1) бірінші абзац келесі редакцияда жазылсын:

«6.3. Директорлар кеңесі көзбе-көз отырыстарда маңызды және стратегиялық сипаттағы мынадай мәселелерді қарайды;»;

2) 16) тармақша келесі редакцияда жазылсын:

«16) Директорлар кеңесінің және директорлар кеңесі комитеттерінің жұмысын бағалау туралы есептерді, АҚ Корпоративтік басқару кодексінің қағидаттары мен ережелерінің сақталуы туралы есепті қарау;»;

3) 23) тармақша келесі редакцияда жазылсын:

«23) АҚ Басқармасының қаржы-шаруашылық қызметі туралы есебін қарау;»;

4) келесі мазмұндағы 24) тармақшамен толықтырылсын:

«24) тәуекелдер және комплаенс бойынша офицерді тағайындау, оның өкілеттік мерзімін айқындау, оның өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ тәуекелдер және комплаенс бойынша офицердің лауазымдық айлықақысының мөлшерін және еңбегіне ақы төлеу, сыйлықақы беру және әлеуметтік қолдау шарттарын айқындау, тәуекелдер және комплаенс бойынша офицер туралы ережені бекіту жатады.».

3. 7.6 тармақ келесі редакцияда жазылсын:

«7.6. Директорлар кеңесінің отырысын өткізу туралы хабарламаға Директорлар кеңесінің Төрағасы, ал ол отырысты шақырудан бас тартқан жағдайда – АҚ Басқармасының Төрағасы қол қояды. Директорлар кеңесінің отырысын өткізу туралы хабарламаны және отырыстың күн тәртібіндегі мәселелер бойынша материалдарды АҚ Корпоративтік хатшысы немесе оның функцияларын атқаратын адам Директорлар Кеңесінің мүшелеріне атаулы

отырыс өткізілгенге дейін кемінде 30 (отыз) күнтізбелік күн бұрын жіберуі тиіс. Осы Ереженің 6.3-тармағында көрсетілген маңызды және стратегиялық сипаттағы мәселелер бойынша және шұғыл шешім қабылдауды талап ететін өзге де мәселелер бойынша Директорлар кеңесінің отырысын өткізу туралы хабарлама мен материалдар отырыс өткізілетін күнге дейін кемінде 7 (жеті) күнтізбелік күн бұрын ұсынылады.».

4. 7.9. тармақ келесі мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

«АҚ Директорлар кеңесінің отырысын шақыру туралы талапты, отырысқа арналған материалдарды, АҚ Директорлар кеңесінің отырысын өткізу туралы хабарламаны, сырттай дауыс беруге арналған бюллетеньдерді және АҚ Директорлар кеңесі отырыстарының хаттамаларын қоса алғанда, бірақ онымен шектелмей, АҚ Директорлар Кеңесінің кез келген құжаттарына қол қояды АҚ Директорлар кеңесінің Төрағасы, мүшелері, АҚ Корпоративтік хатшысы, отырыстың бастамашылары және АҚ Директорлар кеңесінің отырыстарына материалдарды дайындауға қатысатын адамдар өз қолымен немесе заңнамада белгіленген тәртіппен алынған электрондық-цифрлық қолтаңба арқылы жүзеге асырады.».

5. 8.13-тармақтың бірінші абзацы келесі редакцияда жазылсын:

«8.13. Қатысу тәртібімен өткізілген оның отырысында қабылданатын АҚ Директорлар кеңесінің шешімдері хаттамамен ресімделеді, оған АҚ Директорлар кеңесінің отырысында төрағалық етуші тұлға және АҚ Корпоративтік хатшысы АҚ Директорлар кеңесінің отырысы өткізілген күннен бастап 7 (жеті) күнтізбелік күн ішінде қол қояды және онда болуы тиіс:».

6. №2 қосымша келесі мазмұндағы 8-1) тармақпен толықтырылсын:

«8-1) Директорлар кеңесі ұсынылатын шешімді қабылдаған немесе қабылдамаған кезде туындайтын болжалды тәуекелдер, аталған тәуекелдерді іске асырудың салдары, көрсетілген тәуекелдерді барынша азайту жөніндегі шаралар;».